

ЖАС АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР (А. Темірбай шығармаларының негізінде)

Абиыр А.А

*С. Демирел атындағы университет
аға оқытушы*

Әдебиеттегі көркемдік таным эстетикалық жағынан саналы, мәдениеті жоғары адам үшін зор талғамға ие болу керек. Өнер адамының шығармашылығына еркіндік беріледі. Ендеше, көркемөнерді, соның ішінде, көркем әдебиетте, жақсы, тамаша, тұшымды шығармалар жазулы керек. Поэзия – киесі бар өнер. Поэзия есігін тек жүрегі түкті, сенімі мықты, танаты сала құлаш, талабы таудай акын ғана аша алу керек. Қазіргі жастар поэзиясында «Мен» деген принцип бар екенін көреміз. «Мен» - жоғарғы категориялы ұғым. Оның психологиялық, философиялық тұжырымдамасы көп. Философияда «Мен» индивидтің өзі жайлы түсініктерінің біршама тұрақты, индивид өзінің өзге адамдармен ара байланысын сол негізде құрып, өзіне сол тұрғыдан қарайды деген анықтама береді. Яғни, «Мен» ішіндегі жеке индивидиумның ғана кеңістігі бар, соның ғана ойы, санасы, іс - әрекеті, көзқарасы жинақталады.

Қазақ поэзиясындағы «Мен» сонау жыраулық поэзия дәстүрінен бастау алып, ақындық поэзияға ұласқан, поэзияның барлық жаңрында төрт аяғын тең басқан категория. Сонау «Орхоннан» белгілі Төныкөктің өзі:

Ақыл иесі,
Сөз иесі мен болдым.

Түнде ұйқым келмейді
Күндіз отырғым келмейді.
Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым,
Күш –қуатымды аямадым,-

деп атақты қаған алғаш рет тасқа қашап «Мен» деген идеяны қалдырған еді. «мені мен «менікінің» айрылғанын, өлді деп ат қойыпты оңкей білмес» деп «Мен» туралы жаңа концепция, үлкен жаңалықты ұлы Абай ашты. Ендеше, қазақ поэзиясының қанында бар «Мені» бүгінгі жастар поэзиясында қалай көрініс тапқан. Бүгінгі «Мен» жаңа ракурста жырлана бастады. Өрлігі бар, бостандығы өзіне тиген батылдығы бар жастар поэзиясының адуыны басым. Жерде жусан, қаласаң биікте Аймын,
Өз бойымнан басқасын жиі ұқпаймын
(Бейбіт Сарыбай. «Қия атртсам қарайтын...»)

Мен адаммын жек көремін жалтағын.
Жалтақтардан, мүмкін, азап тартамын.
Мен ешкімнен қорқпаймын, қорықсам,
Жаратқаннан және өзімнен қорқамын.

(Асылзат Арыстанбекқызы «Ешкімнен қорықпа ешқашан да мен барда»)

Көк түркінің ұланы неге болмадым?!

Бөрілі туды көтеріп,

Бөрідей жауга тиетін

Шығыршығы торғай қоз сауыт киетін?!

(Жанат Әскербекқызы «Көктүріктің ұланы неге болмадым»)

Ей, тіршілік, алдым сенің мазанды,

Ұйқымды да бердім саған азаңғы.

(Алмат Исаділ «Жақсы жанды өкпелеткен емесің».)

Туады менің сағатым,

Буырканып қан боп жүректе әрбір соғатын
(Танакөз Толқынқызы «Туады менің сағатым»)

Бүгінгі өлеңдегі «Мен» категориясы жастар поэзиясында орны ерекше екенін көреміз. «Мен» категориясы Алмас Темірбайда анық байқалады. Поэзияға арғымақтай арыны басым шабыспен енген аз ғана уақыт ішінде қазіргі поэзияда өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Алмас поэзиясының «Мені» тосын жаңалық, жаңа тұлға болып қабылданды. Ақынның алғашқы «Мен»-дік поэзиясы оның «Дұға» өлеңіндегі еркін көрінеді. Өлең тақырыбы ақындыққа арналған, яғни ақындық өнер мен Алмастың «Мені» біте қайнасып, тұтасып жүре береді. Өлеңдегі әр екі тармаққа үлкен ойдың мағынасы түгел сыйып, леп белгісімен аяқталып отырған. Өлеңдегі алты шумақта он алты тақырып бар. Аясы бір өлеңге жетерлік ұшан-теңіз тақырыптарды алты ауызбен бере білу – ақын шеберлігі. Философиядағы «Мен» - адамның дүниеге және өзіне-өзі өзімсіне қарайтын жекелігінің, даралығының рухани орталығы, өзінің іс-әрекетін дербес меңгере беретін және жан-жақты инициативаға қабілетті адамның меншігі дейді. Жеке адамның «Мені» қоғамның әлеуметтік талаптарымен, саяси көзқарасымен көп жағдайда қабыса бермейді. Бұл әсіресе, әдебиет пен өнер саласына тән ерекшелік.

Өзімді-өзім сынадым,
Өзімді-өзім таныдым.
Тастай екен шыдамым,
Таудай екен сабырым.
Жұрт жұмбағын түсінбес,
Жұмбақтастай – қалыбым!

Ақын «Тудым несіне ақын боп?!» деген осы өлеңіндегі әуелі өзін-өзі сын садағына алады да, өз «Менін» өзге объектімен біріктіреді. Өлеңде ол «доска – доспын, теңге – теңмін тат бапайтын асылмын, тот жемейтін темірмін, көзіндегі отымын көз таңбалы елімнің»дей келіп, өз «Менін» туған елімен былай теңестіреді:

Көкшетауда жүріп-ақ,
Алатауға жетті үнім.
Туған жерім тәрізді,
Тумысымнан тектімін!

Бәстес десен – бәстесем,
Анттас десен – анттасам.
Тудым несін ақын боп
Туған жерге тартпасам?!
Өлеңдегі ақын «Мені» туған жердің ең асыл, ардақты мекеніне айналып кеткен Оқжетпес, Айнакөл, Сексен көл, Жұмбақтас, Көкшетау сияқты тұғырлы, тұрлаулы, аяулы аттармен ғана астасып, солардың биік өресінде ғана қалатынын сездіріп тұр.

Кез-келген ақын өз шығармашылығында өз бейнесін жасауға талпынады. Онсыз ақын даралығы да, ақын қолтаңбасы жасалмайды. Өлеңдегі өз бейнесін «Мен» категориясына көтеру қиын. Көбінесе, жалқыдан гөрі жалпы есімге бұрыла береді. Алмас өз «Менін» автопортрет арқылы беруге талпынған. Өлі мен тірі арасынан өзін іздеп «Неге сендім?», «Нені ойладым?» «Не дедім?» деген мәңгілік сұрақтарды қоя отырып жауабын:

Бұ дүниеде неге іздедім өзімді

О дүниеге айта оның есебін –

деп жаңағы сұрақтардың жауабын адам қоғамында табылмайтын жауаптың берілмейтінін ескертеді. Қоғам қайшылығы, адамдар арасындағы бітпес тартыс ешқашан да таусылмақ емес. Сондықтан да оның жауабы қоғам ішінде, адамдар арасында. Оған ақын «Әуре» өлеңінде:

Алға жылжып ақырын,
Жүргенімді жактырмады жақыным.
Үлкен дауға ұрынатын түрім бар,
Кіп-кішкентай ақылым.

Сүймеген соң сүйгенмін,
Жүрегіме алтын ине түйредім.

От пен суга түскен орта ғасырдың,

Ойшылындай күйредім

Алмас өлеңдеріндегі «Мен» көбінесе мұңға, түңілуге жақын тұрады. Ақын өзін көлеңкелі көкжиекке қарай жиі тартып, күнгейден қашып, сұргылт реңге барады.

Өлтіріп өзімді-өзім тастар едім,
Өмірім болса, шіркін, басқа менің
(«Галюцианция»)

Неге менің қошқар болғым келеді,
Құдай үшін құрбандыққа шалынар?!
(«Автопортрет»)

Жүк көтердім жүреміммен мықшыңдап,
Ауырлығы табыттай
(«Әуре»)

Жоғарыда берілген үш өлеңнің тақырыптары әр түрлі, идеялық мағынасы ұқсас болғанымен де ақын «Менің» әр қилы көрсетеді. «Мен» категориясы жалғыздықпен орала біткен, ақынның «Құдай деген Жалғыздықтың атасын, еске аламын жалғыз қалған түндерде» деген өлеңінде жалғыздықты бас әріппен ерекшелеп, субъектілік кейіпке енгізуі оның «менінің» поэзиялық шеңберін анықтар тұр. Ақын келесі өлеңінде:

Таңым қашан атады?!

Мез қылды ма мына түннің шатағы.

Жатқанымда төсегімде жантайып,

Жалғыздығым қабырғама батады, -

деп жалғыздығын одан әрі бекіте түседі. Бірақ, «Жалғызсың деп жазғырған жолдасыма жауап» өлеңінде ақын ендігі жерде өз «Менін» қорғап «Жалғыздық – жалғыз досым Құдай қосқап, жалғанда одан артық жолдасым жоқ» деп өз пікірін айтады да «жалғыздық – жалғыз досым екен менің, тапқандар жалғыздыққа бекерге мін» деп өз көзқарасын дәлелдеп шыққандай.

Өлеңдегі сөз мағынасы контекспен анықталады. Контексттегі бір сөз өлеңнің бүкіл поэтикалық мағынасын анықтайды, әсіресе шағын өлеңде. Анықтауыш сөз өзінің жеке мағынасына ғана емес өлең тақырыбының негізгі идеясына айналды.

Алмастағы «жалғыздық» поэтикалық термин ретінде көрінеді де, өлеңге барлық сөздердің мағынасын өз қасына топтайды. Сөйтіп, өлең тақырыбының мазмұнын өзі ашып беруге көмектеседі. «Поэтика – жазушы тілінің көркемдік қуатын мазмұнымен байланыстыра қарастырады», - деген В. Кожин. Ақынның поэтикалық «Мені» өлеңдеріндегі тақырыптарының әр алуандығына қарамастан мазмұнға сай. «Мен» категориясындағы оптимизм ерекше. Оптимизм дүниесі көркем әдебиетте әр қилы сипатталғанымен, негізі бағыты – асқақ сезімді, көтеріңкі ойды жоғары деңгейде көрсету. Бұл арада тұлға мәселесі, яғни әдебиетте «Мен» категориясы тұлғасыз жазылмайды. «Тұлға деген – азап, көп адамдар әлгі азапқа шыдай алмағаннан кейін өзінің тұлғасын жоғалтуға амалсыз келіседі», - дейді орыс философы Н.А. Бердяев. Қазіргі жастар поэзиясында тұлға мәселесі ерекше орында. Алмас Темірбайдың «Кемталантқа» деген өлеңінде:

Мен – басқамын, басқа адаммын,

Басқаша өмір бастағанмын.

Сайтан келіп азғырғанда

(Сен дейсің бе?!) саспағанмын, -

деген асқақ кейіпте айтылады. Ақын бұл жерде бұрынғы жалғыздықтан гөрі, жәолбарыстай жиырылып, өр мінезі арқылы өзіндік «Менін» дәлелдеп тұр. Ақын өлеңдерінде осы тектес мазмұнды «Мен» оны адамға, қоғамға, іс-әрекетке деген көзқарасын ашық дәл көрсетеді.

Жынданасың, қорланасың,

Жыққың келіп жол бағасың

Мені ешқашан түсінбейсің,

Мен секілді болмағасың...

Ақын Алмастың «Мен» категориясын анықтауда жоғарыдағы сипаттамалардан басқа бояу түсі, соның ішінде, ақ түстің орны ерекше. Мәселен, «Өмір ойыны» өлеңінде «қараларға қарсы қарсы

шыққан қашанда, түсі де аппақ, іші де аппақ пешкімін» деп шахмет тастарының ішінде қара емес, ақ пешкіні таңдауы дұрыс тәсіл. Ақын өз «Менін» анықтауда тағы да:

Аппақ түске құмар ем,

Айыптымын, тек сол үшін, сірә, мен.

Өйткені, сен өте-мөте аппақ ең,

Қызықтырған, қызғандырған мына әлем, -

дей келіп, арнау өлеңінде өзге жанға аппақ өмір, өзіне ақ өлімді бұйырып, әрі қарай ақ макта, сосын мата болып әдемі көйлек ретінде өзіне сыйға тартылсам деген өзгеше бір ой тауып, «Ақ көйлегің бола алмасам бир киер, ақ төсегің болар едім мен сенің» деп онтайлы шешім тауып кетеді. Өлең сюжеті ақ түспен басталып «Ақтық демің үзілгенде... мен сенің, ақ кебінің болуға да бақұлмын», - деп аяқталуы ақынның ақ болуға деген шын ынтызарлығын білдіреді. Ақын поэзиясында «мен – аян түспін», «мен – қоңыр желмін», «мен – бақытпын», «мен ақ ақ қайың», «мен – қызыл отпын» деген эпитеттік анықтауларды кездестіреміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жас ақындар жырларының антологиясы. Алматы: Өлке, 2000-320б.
2. Ж. Әскербекқызы Көркемдік өріс Алматы 2008 ж.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984-272 б.
4. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Астана: Фолиант, 2002 ж.
5. Әскербекқызы Ж. Қаракөз бұлақ. Астана: Елорда, 2001.-88 б.
6. Маралтай Райымбекұлы Ай.
7. Темірбай А. Мың бір мұң. Алматы, 2008 ж.

Резюме

В данной статье рассматривается поэзия молодых поэтов, анализируется новаторство и новизна современной казахской поэзии. Раскрываются особенностей поэтики молодых поэтов, вклад поэтов в развитие казахской поэзии, поэтические особенности стихов и поэм.

Resume

In the article consideration has been given to the poetry of the young poets, innovation and novelty of the modern Kazakh poetry has been analyzed. Apart from that, special features of poetry by the young Kazakh poets, their contribution to the Kazakh poetry development and poetic peculiarities of Kazakh poems and verses have been revealed.